

## **"Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде цифрлық техникалық реттеу" жобасын іске асыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған техникалық тапсырманы бекіту туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 1 наурыздағы № 35 шешімі

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберінде жобаларды іске асыру механизмдерінің 7-тармағының "б" тармақшасының және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде цифрлық техникалық реттеу" жобасын іске асыру туралы" 2021 жылғы 14 шілдедегі № 63 шешімінің 6-тармағының үшінші абзацы негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде цифрлық техникалық реттеу" жобасын іске асыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған техникалық тапсырма бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2022 жылғы 1 наурыздағы  
№ 35 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Еуразиялық экономикалық Одақ шеңберінде цифрлық техникалық реттеу" жобасын іске асыру бойынша қызметтер көрсету ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА Мәскеу, 2022**

### **Мазмұны**

1. жалпы мәліметтер
  - 1.1. жобаның атауы
    - 1.1.2 Жобаның қысқартылған атауы
  - 1.2 жобаны іске асырудың негізі
  - 1.3 тапсырыс беруші
  - 1.4 орындаушы
  - 1.5 қызметтер көрсетудің басталу және аяқталу мерзімдері
  - 1.6 Қаржыландыру тәртібі туралы мәліметтер
    - 1.6.1 Қаржыландыру көздері

## 1.6.2 Қаржыландыру тәртібі

1.7 қызметтер көрсету тәртібін рәсімдеу және оның нәтижелерін тапсырыс берушіге ұсыну

## 1.8 қысқартулардың тізбесі

## 1.9 Терминдер мен анықтамалар

## 1.10 өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

## 2 жобаның бағыты мен оны іске асыру мақсаты

### 2.1 жобаның бағыты

### 2.2 жобаны іске асырудың мақсаты

## 3 автоматтандыру объектісінің сипаты

### 3.1 Цифрландыру объектісі туралы мәліметтер

### 3.2 Жобаны құру мен дамыту қағидаттары

## 4 жобаға қойылатын талаптар

### 4.1 Тұтас жобаға қойылатын талаптар

#### 4.1.1 Жүйенің құрылымына қойылатын талаптар

#### 4.1.2. Жүйенің архитектурасына қойылатын талаптар

#### 4.1.3 Жүйені оқшаулауға қойылатын талаптар

4.1.4. Жүйе персоналының саны мен біліктілігіне және оның жұмыс режиміне қойылатын талаптар

#### 4.1.5 Жүйеге түсетін жүктемеге қойылатын талаптар

#### 4.1.6 Қолжетімділігі мен мықтылығына қойылатын талаптар

#### 4.1.7 Ақпараттық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

#### 4.1.8 Эргономикасы мен техникалық эстетикасына қойылатын талаптар

4.1.9 Жүйе компоненттерін пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге және сақтауға қойылатын талаптар

#### 4.1.10 Авариялар кезінде ақпараттың сақталуына қойылатын талаптар

#### 4.1.11 Стандарттауға және бірдейлендіруге қойылатын талаптар

## 4.2 Функцияларына қойылатын талаптар

### 4.2.1 Цифрлық трансформациялау әдіснамасына қойылатын талаптар

4.2.2 Жоба бойынша, соның ішінде ұлттықтан жоғары компонент және әзірленетін сервистер бойынша әдістемелік құжаттаманы, ережелер мен келісімдерді әзірлеуге қойылатын талаптар

### 4.2.3 Ұлттық деңгейден жоғары компонентке қойылатын талаптар

4.2.4 Одақ шеңберінде оларға қатысты міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесін қалыптастыру сервисіне қойылатын талаптар

4.2.5 Техникалық регламенттердің талаптарын қолдану және орындау үшін қажетті техникалық регламенттер мен стандарттар тізбесін әзірлеу сервисіне қойылатын талаптар

4.2.6 Өнімге қойылатын міндетті талаптар, сәйкестікті растау нысандары, зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу ережелері мен әдістері туралы деректердің толық жинағын жасау сервисіне қойылатын талаптар

4.2.7 Сыртқы сервистерді қосуға арналған бағдарламалық қосымшалардың интерфейстерін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге қойылатын талаптар

4.2.8 Жобаны дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеуге қойылатын талаптар

4.3 Жүйені қамтамасыз ету түрлеріне қойылатын талаптар

4.3.1 Жүйені ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

4.3.2 Жүйені бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

4.3.3 Жүйені техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

5 көрсетілетін қызметтердің құрамы мен мазмұны

5.1 Қызметтер көрсетудің күнтізбелік жоспары

5.2 Әрбір саты бойынша көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар

5.2.1 "Цифрлық трансформациялау әдіснамасын әзірлеу" сатысы

5.2.2 "Ұлттық компонентті, оның ішінде әзірленіп жатқан сервистерді қоса алғанда, жоба бойынша әдістемелік құжаттаманы, ережелер мен келісімдерді әзірлеу" сатысы

5.2.3 "Жүйенің компонентін функциялық толықтыруға қойылатын талаптарды әзірлеу" сатысы

5.2.4 "Жүйе компонентінің техникалық жобасын әзірлеу" сатысы

5.2.5 "Жүйе компонентін бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу" сатысы

5.2.6 "Жүйені кешенді тестілеу" сатысы

5.2.7 "Бағдарламалық қамтылымды пысықтау" сатысы

5.2.8 "Күшейту және конфигурациялау" сатысы

5.2.9 "Тәжірибелі пайдалану" сатысы

5.2.10 "Өнеркәсіптік пайдалануға қосу" сатысы

5.2.11 "Дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу" сатысы

5.2.12 "Контент жинау және дайындау" сатысы

5.2.13 "Контентпен толықтыру" сатысы

6 бақылау және қабылдау тәртібі

6.1 Жалпы ережелер

6.2 Жүйеге сынақ жүргізу түрлеріне, құрамына, көлеміне және әдістеріне қойылатын талаптар

6.3 Жүйеге тестілеу жүргізуге қойылатын талаптар (алдын ала сынақтар)

6.4 Тәжірибелі пайдалануды жүргізуге қойылатын талаптар

6.5 Қабылдап алу сынақтарын жүргізуге қойылатын талаптар

6.6 Орындалатын жұмыстардың сапасына кепілдіктерге қойылатын талаптар

6.6.1 Көрсетілетін қызметтер сапасының көлеміне кепілдіктерге қойылатын талаптар

7 Жүйені іске қосу үшін автоматтандыру объектісін дайындау бойынша көрсетілетін қызметтердің құрамына және мазмұнына қойылатын талаптар

7.1 Күшейту және конфигурациялау

7.2 Персоналға нұсқама беруге қойылатын талаптар

8 құжаттауға қойылатын талаптар

8.1 Цифрлық трансформациялау әдістемесі бойынша құжаттарға қойылатын талаптар

8.2 Жоба бойынша әдістемелік құжаттамаға, ережелер мен келісімдерге қойылатын талаптар

8.3 жеке техникалық тапсырмаға қойылатын талаптар

8.4 техникалық жобаға түсіндірме жазбаға қойылатын талаптар

8.5 Жұмыс құжаттамасына қойылатын талаптар

## **1. Жалпы мәліметтер**

### **1.1 Жобаның атауы**

#### **1.1.1 Жобаның толық атауы**

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде цифрлық техникалық реттеу.

#### **1.1.2 Жобаның қысқартылған атауы**

### **1.2 Жобаны іске асыру үшін негіздер**

"Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі цифрлық техникалық реттеу" жобасын іске асыру жөніндегі жоғары деңгейдегі іс-шаралар жоспары ("жол картасы") (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде цифрлық техникалық реттеу" жобасын іске асыру туралы" 2021 жылғы 14 шілдедегі № 63 шешімімен (бұдан әрі – Шешім) бекітілген жобаның паспорты (бұдан әрі – Паспорт) жобаны іске асырудың негізі болып табылады.

### **1.3 Тапсырыс беруші**

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия).

### **1.4 Орындаушы**

Ол Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Тауарларды жеткізуге тапсырыстарды орналастыру және Еуразиялық экономикалық комиссияның қажеттіліктері үшін жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету туралы" 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 5 шешіміне сәйкес екі кезеңді конкурстың нәтижелері бойынша айқындалады.

### **1.5 Қызметтер көрсетуді бастаудың және аяқтаудың жоспарлы мерзімдері**

Қызмет көрсетуді бастау күні – қызметтерді көрсету шартына (бұдан әрі – Шарт) қол қойылған күннен бастап.

Қызметтерді көрсетудің аяқталу мерзімі – шарт талаптарына сәйкес.

Қызметтерді көрсету құрамы мен реттілігі 5-бөлімге сәйкес айқындалады.

## 1.6 Қаржыландыру тәртібі туралы мәліметтер

### 1.6.1 Қаржыландыру көздері

Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібін іске асыру жөніндегі шығыстар шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құруға, пайдалануға және дамытуға көзделген Еуразиялық экономикалық одақ бюджеті есебінен.

### 1.6.2 Қаржыландыру тәртібі

Қызметтер көрсетуді қаржыландыру Қызметтер көрсетудің күнтізбелік жоспарына сәйкес Шартта айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады (5-бөлім).

### 1.7 Қызметтер көрсетуді рәсімдеу және тапсырыс берушіге оның нәтижелерін ұсыну тәртібі

Қызметтер көрсетудің нәтижелері Қызметтер көрсетудің күнтізбелік жоспарына сәйкес Шартта айқындалған тәртіппен ұсынылады (5-бөлім).

### 1.8 Қысқартулардың тізбесі

Осы Техникалық тапсырманың мақсаттары үшін келесі қысқартулар тізімі пайдаланылады:

Қысқарту	Сипаттамасы
API	қосымшалардың бағдарламалық интерфейсы, қолданбалы бағдарламалардың интерфейсы (application programming interface) – бір компьютерлік бағдарлама басқа бағдарламамен әрекеттесе алатын (класстар, рәсімдер, функциялар, құрылымдар немесе константтар) тәсілдердің сипаттамасы
CI/CD	Үздіксіз интеграция (CI, англ. Continuous Integration) – ықтимал ақауларды жылдам анықтау және интеграциялық мәселелерді шешу үшін жұмыс көшірмелерін жалпы негізгі әзірлеу тармағына (күніне бірнеше ретке дейін) үнемі біріктіру және жиі автоматтандырылған жоба құрастыруларын орындаудан тұратын бағдарламалық қамтылымды әзірлеу тәжірибесі. Үздіксіз жеткізу (CD) - бағдарламалық қамтамасыз етуді шығарудың және оны сайттарға орналастырудың бүкіл процесін автоматтандыру тәжірибесі
CLI	Командалық жолдың интерфейсы (Command Line Interface)
GUI	Графикалық пайдалану интерфейсі
DevOps	Әзірлеуді және пайдалануды интеграциялау
Docker	Контейнерлеуді қолдау арқылы орталарда қосымшаларды орналастыруды және басқаруды автоматтандыруға арналған бағдарламалық қамтылым
	HTTP (Hyper Text Transfer Protocol – "гипермәтінді берудің хаттамасы") – деректерді берудің

HTTP	қолданбалы деңгейінің хаттамасы Интернет желісіне дереткерді беру үшін пайдаланылады
HTTPS	шифрлауды қолдау HTTPS (Hyper Text Transfer Protocol Secure) HTTP хаттамасын кеңейту, HTTP хаттамасы бойынша берілетін деректер, SSL немесе TLS криптографиялық хаттамаға "жинақталады", осылайша осы деректерді қорғау қамтамасыз етіледі
flash	веб-ұсыныстар немесе мультимедиялық тұсаукесерлер үшін Adobe Systems компаниясының платформасы
silverlight	Көпфункционалдық интернет-қосымшаларды жазып, қосуға арналған бағдарламалық платформа
Linux	Unix-сияқты операциялық жүйе тектес операциялық жүйенің түрі
OAuth	Авторизациялаудың ашық хаттамасы
OpenID	Бірдейлендіруді орталықсыздандырудың ашық стандарты
S3-совместимое хранилище	Amazon Simple Storage Service (Amazon S3) қызметімен үйлесімді жад – бұл саладағы жетекші өнімділікті, ауқымдылықты, қол жетімділікті және деректер қауіпсіздігін ұсынатын нысанды сақтау сервисі
SOAP	Бөлінген есептеу ортасындағы құрылымдық хабар алмасу хаттамасы
SSL	SSL (Secure Sockets Layer – қорғалған сокеттер деңгейі) – Интернет желісі салалары арасында деректерді қорғай отырып беруді қамтамасыз ететін криптографиялық хаттама
Swagger	REST хаттамасы бар API веб-ұсыныстарына арналған интерактивті құжаттамаларды жасау үшін скриптар коллекциясы
UI	Пайдалану интерфейсі
TLS	TLS (transport layer security) – транспорттық деңгейдің қауіпсіздік хаттамасы, интернеттегі түйіндер арасында деректерді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін криптографиялық хаттама
WEB, WWW	(World Wide Web) дүниежүзілік топ – Интернетке қосылған әртүрлі компьютерлерде орналасқан тиісті құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін бөлінген жүйе
Windows	Операциялық жүйенің түрі, Microsoft операциялық жүйесі
Maven	XML көп тармақты болып табылатын, POM (англ. Project Object Model) тіліндегі файлдардағы олардың құрылымын сипаттау негізінде жобаларды құрастыруды автоматтандыруға арналған фреймворк

Gradle	Apache Ant и Apache Maven принципінде жасалған, бірақ Жоба жүйесі конфигурациясын ұсынудың дәстүрлі XML-текстес нысанның орнына DSL Groovy және Kotlin тілдері нысанында ұсынылатын автоматты түрде жинау жүйесі
SBT	Scala и Java (англ. Scala Build Tool) тілдерінде жазылған жобаға арналған автоматты жиынтық жүйесі
WSDL	WSDL (Web Services Description Language) – веб-сервистерді сипаттап көрсету және оларға қол жеткізу тілі, XML тілінде негізделген
XML	Extensible Markup Language (белгілеудің кеңейтілген тілі)
БД	дереккөрі
ГОСТ	мемлекетаралық стандарт
Государства-члены	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер
ЕАЭС, Союз	Еуразиялық экономикалық одақ
Комиссия, Заказчик	Еуразиялық экономикалық комиссия
Исполнитель	Тапсырыс берушімен қызметтер көрсетуге шарт жасасқан ұйым
ИС	Ақпараттық жүйе
НСИ	нормативтік-анықтамалық ақпарат
СУБД	Дереккөрі басқару жүйесі
ТЗ	Техникалық тапсырма
ЭВМ	Электрондық есептегіш машина

## 1.9 Терминдер мен анықтамалықтар

Осы техникалық тапсырмада келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

**Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ИАЖ)**– мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерімен және Комиссияның интеграциялық сегментімен біріктірілген аумақтық бөлінген мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінің, Комиссияның ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің ұйымдық жиынтығы;

**Интеграциялық сервис** – Жүйенің немесе Жүйенің құрамдас бөліктері/ішкі жүйелері мен сыртқы АЖ арасындағы интеграциялық өзара іс-қимылды жүзеге асыратын бағдарламалық қамтамасыз ету;

**Үйлестіруші топ** — Құрамына Бастамаларды басқару офисінің, Комиссия департаменттерінің, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының және (немесе) ұйымдарының өкілдері кіретін жобаны іске асыруды үйлестіретін жұмыс тобы;

**Консорциум** — заңды тұлға құрмай, консорциум шарты негізінде жобаны іске асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мүше мемлекеттер ұйымдарының бірлестігі

. Консорциумның анықтамасы және оны құру ерекшеліктері Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "ЕАЭО цифрлық күн тәртібі шеңберінде жобаларды іске асыру тетіктері туралы" 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімімен белгіленген;

**Консорциумның үйлестірушісі** — жобаны әзірлеу және іске асыру кезінде консорциумға қатысушылардың қызметін үйлестіретін заңды тұлға;

**Ұлттық деңгейден жоғары компонент (ЖҰК)** — пайдаланушы интерфейстерін құруға және қосуға арналған әмбебап платформа шешімі;

**Ұлттық сервистердің операторлары** – техникалық реттеу, стандарттау және метрология саласындағы ұлттық органдар және /немесе олар уәкілеттік берген ұйымдар;

**Мүше мемлекеттер сервистерінің операторлары (бұдан әрі – тараптар сервистерінің операторлары)** — өздеріне берілген лицензияларға сәйкес қызметтер көрсететін ұйымдар, заңды тұлғалар, соның ішінде жеке кәсіпкерлер;

**ЦТР жобасы** — уақыт пен ресурс шектеулері жағдайында бірегей нәтижелерді жасауға арналған өзара байланысты іс-әрекеттер жиынтығы. Осы құжаттарда – "Одақтың цифрлық техникалық регламенті" жүйесін құру (бұдан әрі – жоба);

**Құрастыру конвейері** – CI/CD конвейер;

**Жүйе** – ұлттық деңгейден жоғары компонентті, ұлттық деңгейден жоғары компонент сервистерін, пайдаланушы интерфейсті қамтитын, жоба шеңберінде іске асырылатын бағдарламалық шешімдер жиынтығы;

**Каталогтер қызметі** – компьютердің операциялық жүйе каталогындағы ақпаратты сақтайтын, реттейтін және оған қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағдарламалық жүйе;

**Компонент** – жобаны іске асыру жөніндегі жоғары деңгейдегі іс-шаралар жоспарының ("жол картасы") 17-26-тармақтарында айқындалған Жүйенің элементі;

**Кіші жүйе** – функционалдық талаптардың оқшауланған жиынтығы бар Жүйе құрамдас бөлігінің элементі;

**Модуль** – Жүйенің ішкі жүйесінің немесе компоненттерінің жеке функционалдық талаптарын жүзеге асыратын Жүйенің архитектуралық элементі;

**Өнімнің бірыңғай тізбесі** – Одақ шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесі;

**Стандарттар тізбесі** – оларды ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың және халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбесі, ал олар болмаған жағдайда - Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі



**Адам оқи алатын формат** – арнайы құралдарды пайдаланбай, адам оқи алатын форматта ұсынылған құжат;

**Машина оқи алатын формат** – автоматты және/немесе автоматтандырылған пайдалануға жарамды форматтарда (цифрлық форматтарда) ұсынылған құжат;

**Үшінші ел** — Одаққа мүше мемлекет болып табылмайтын мемлекет.

### **1.10 Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

Осы Техникалық тапсырмаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Тапсырыс берушімен келісе отырып, осы Техникалық тапсырманың жекелеген ережелері 5.2-бөлімге сәйкес "Цифрлық трансформациялау әдістемесін әзірлеу", "Жүйенің компоненттерін функциялық толықтыруға қойылатын талаптарды әзірлеу" және Жүйе компонентінің техникалық жобасын әзірлеу" деңгейлері бойынша қызметтер көрсету нәтижелері бойынша нақтылануы және түзетілуі мүмкін,

## **2. Жобаның бағытталуы мен іске асыру мақсаты**

### **2.1 Жобаның бағытталуы**

Жоба мыналарды қалыптастыру процестерін цифрландыруға арналған:

- Одақ шеңберінде міндетті талаптар белгіленген өнімдердің бірыңғай тізбесі;
- Өнімге қойылатын міндетті талаптар, техникалық регламенттерді әзірлеу;
- Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын қолдану және іске асыру, сәйкестікті растауды жүзеге асыру, осындай стандарттарды әзірлеу (өзгерту, қайта қарау) бағдарламалары бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін қажетті халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар тізбелері ,
- сондай-ақ Одақтың техникалық реттеу және стандарттау саласындағы жоба шеңберінде әзірленетін негізгі қызметтерге, сондай-ақ мүше мемлекеттердің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және т.б техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдары мен ұйымдарының сыртқы қызметтеріне мүдделі тұлғалардың қол жетімділігін қамтамасыз ету;

### **2.2 Жобаны іске асырудың мақсаты**

Жобаның негізгі мақсаттары мыналарды:

- ЦТР сервистері іске асырылатын және оның негізінде бұдан былай (осы ТТ аясынан тыс шеңберде) ұлттық сервистер операторлары мен тараптар операторларын ЦТР -ге қосу мүмкіндігі іске асырылуға тиіс технологиялық платформаны білдіретін ұлттық деңгейден жоғары компонентті;
- оған қатысты Одақ шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесін қалыптастыру сервисі;
- техникалық регламенттерді қолдану және оның талаптарын орындау үшін қажетті техникалық регламенттер мен стандарттар тізбесінің сервисін;

- өнімге қойылатын міндетті талаптар, сәйкестігін бағалау нысандары туралы деректердің толық жиынтығын қалыптастыру сервисін;

- сыртқы сервистерге қосу үшін бағдарламалық қосымшалардың интерфейстерін бағдарламалық қамтамасыз еті болып табылады

### **3. Автоматтандыру объектісінің сипаты**

#### **3.1 Цифрландыру объектісі туралы қысқаша мәліметтер**

Одақтың уәкілетті органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің техникалық реттеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл процестері, сондай-ақ Одақ туралы шарт шеңберінде Одақты техникалық реттеу цифрландыру объектісі болып табылады.

Цифрлық техникалық реттеу мыналарды қамтуға:

- ЦТР сервистері іске асырылатын және оның негізінде бұдан былай (осы ТТ аясынан тыс шеңберде) ұлттық сервистер операторлары мен тараптар операторларын ЦТР -ге қосу мүмкіндігі іске асырылуға тиіс технологиялық платформаны білдіретін ұлттық деңгейден жоғары компонентті;

- оған қатысты Одақ шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесін қалыптастыру сервисі;

- техникалық регламенттерді қолдану және оның талаптарын орындау үшін қажетті техникалық регламенттер мен стандарттар тізбесінің сервисін;

- өнімге қойылатын міндетті талаптар, сәйкестігін бағалау нысандары туралы деректердің толық жиынтығын қалыптастыру сервисін;

- сыртқы сервистерге қосу үшін бағдарламалық ұсыныстардың интерфейстерін бағдарламалық қамтылымды қамтуға тиіс.

Жоба шеңберінде мынадай қызметтер кешені көрсетілуге тиіс:

- мыналарға қатысты цифрлық трансформациялау әдістемесін әзірлеу бойынша:

○ - өнімге қойылатын міндетті талаптар;

○ - өнімнің сыныптауышын (сыныптауыштарын) таңдау;

○ - оларға қатысты Одақ шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесін қалыптастыру және жүргізу бойынша жалпы процестерді анықтау;

○ - Одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау үшін қажетті техникалық регламенттер мен техникалық стандарттарды әзірлеу;

○ - техникалық регламенттердің мәтіндерін машинада оқи алатындай етуге келтіру (қажет болған кезде);

- жоба бойынша, соның ішінде ұлттық деңгейден жоғары компонент және әзірленетін сервис бойынша әдістемелік құжаттар, ережелер мен келісімдер әзірлеу бойынша;

- өнімнің таңдап алынған тобына қойылатын міндетті талаптар, сәйкестікті бағалау нысандары туралы деректердің толық жиынтығын қалыптастыру сервисін әзірлеу және толықтыру.

### **3.1 Жобаны құрудың және дамытудың қағидаттары**

Жүйе ЕАЭО құқығына сәйкес құрылуға және Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

Жүйе масштабталуға тиіс және бизнес процестердің өзгерістеріне бейімдеу құралдары болуы керек.

Жобалық шешімдерді біріздендіру ақпараттық, лингвистикалық, бағдарламалық қамтамасыз етудің және ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің біртұтас объектіге бағытталған компоненттерін құра отырып, бір типтес міндеттерді шешуге біркелкі көзқараспен қамтамасыз етілуге тиіс.

Орындаушы Жүйені жобалауды және әзірлеуді сенімділікті, компоненттердің нашар байланысын, көлденең масштабтауды және оны кейіннен пысықтауды қамтамасыз ету үшін АЖ микросервис архитектурасын құру қағидаттарына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

Бұл ретте, әрбір кіші жүйе жеке микросервис ретінде жүзеге асырылуы керек. Осыған байланысты, микросервистерді, олардың масштабын өзгертуді және басқаруды енгізу үшін Жүйенің құрамында инфрақұрылымды орналастыруды басқару және микросервистерді масштабтау құралдары көздеуге тиіс.

Жүйені әзірлеу нұсқасын басқару жүйесінде жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте 4.1.2.5 бөліміне сәйкес тармақталу үлгісі жүзеге асырылуы тиіс.

Құрастыру желісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар 4.1.2.5 бөлімінде келтірілген.

## **4. Жобаға қойылатын талаптар**

### **4.1 Тұтас жобаға қойылатын талаптар**

#### **4.1.1 Жүйенің құрылымына қойылатын талаптар**

Жүйе мынадай компоненттерден тұруға тиіс:

- ұлттық деңгейден жоғары компонент. Егжей-тегжейлі талаптар 4.2.3 бөлімде келтірілген;

- оған қатысты Одақ шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесін қалыптастыру сервисі. Егжей-тегжейлі талаптар 4.2.4 бөлімде келтірілген;

- техникалық регламенттерді қолдану және оның талаптарын орындау үшін қажетті техникалық регламенттер мен стандарттар тізбесінің сервисі. Егжей-тегжейлі талаптар 4.2.5 бөлімде келтірілген;

- өнімге қойылатын міндетті талаптар, сәйкестігін бағалау нысандары туралы деректердің толық жиынтығын қалыптастыру сервисі. Егжей-тегжейлі талаптар 4.2.6 бөлімде келтірілген;

- сыртқы сервистерге қосу үшін бағдарламалық қосымшалардың интерфейстерінің бағдарламалық қамтылымы. Егжей-тегжейлі талаптар 4.2.7 бөлімде келтірілген.

Сондай-ақ жобаны іске асыру аясында мыналар жүзеге асырлуға тиіс:

- өнімге қойылатын міндетті талаптар бөлігінде цифрлық трансформациялау әдістемесін әзірлеу, өнімнің сыныптауышын (сыныптауыштарын) таңдау, Одақ шеңберінде міндетті талаптар белгіленген өнімдердің бірыңғай тізбесін қалыптастыру мен жүргізудің жалпы процестерін айқындау, Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын қолдану және орындау үшін қажетті техникалық регламенттер мен стандарттар тізбелерін әзірлеу, техникалық регламенттердің мәтіндерін машина оқитын форматқа келтіру (қажет болған жағдайда). Толық талаптар 4.2.1 бөлімінде келтірілген;

- әдістемелік құжаттаманы, жобаның ережелері мен келісімдерін, оның ішінде ұлттық деңгейден жоғары компонент және әзірленетін сервис бойынша әзірлеу. Егжей-тегжейлі талаптар 4.2.2- бөлімде келтірілген;

- жобаны әзірлеу бойынша ұсыныстарды әзірлеу. Егжей-тегжейлі талаптар 4.2.8- бөлімде келтірілген;

Сонымен қатар, өнімге қойылатын міндетті талаптар, сәйкестікті растау нысандары туралы мәліметтердің толық жинағын қалыптастыру сервисін контентпен толықтыру жүзеге асырылуы тиіс.

#### **4.1.1.1. Жүйе компоненттері арасындағы өзара байланыстарға және жүйенің басқа АЖ-мен өзара байланысына қойылатын талаптар**

Ақпараттық ағындардағы Жүйе компоненттерімен іс-қимыл кезінде өзара іс-қимылдың 2 тәсілін қолдану керек:

- синхронды;
- асинхронды.

Өзара іс-қимылдың синхронды түрімен бастапқы жүйе сұрауды жібергеннен кейін қабылдаушы жүйеден жауап күтеді, бұл ретте сұрау салынған процестің жұмысы қабылдаушы жүйеден жауап алынғанша тоқтатылады.

Өзара іс-қимылдың асинхронды тәсілінде бастапқы жүйе сұраныстың өңдеу күйін белгілі бір аралықта нәтиже алғанша, процесті тоқтатпай сұрайды.

Ақпараттық өзара іс-қимылды таңдау кезінде басқалармен қатар асинхронды іс-қимылға басымдық берілуге тиіс.

#### **Синхронды өзара іс-қимыл**

Жасалған хабарламаны қабылдаушы жүйеге жібергеннен кейін бастапқы жүйе процесті аяқтау үшін міндетті жауапты күтеді.

REST архитектуралық дизайн стилі негізінде құрастырылған JSON хабар алмасу жүйенің компоненттері арасындағы синхронды өзара іс-қимылдың негізгі жолы болуы тиіс.

Бұл өзара іс-қимыл:

- жүйенің компоненттері арасында деректер алмасудың жоғары жылдамдығын;

- жүйе компонентінің масштабтылығын қамтамасыз етеді.

Жүйенің компоненттері арасында синхронды түрде хабарлама алмасу келесі жағдайларда:

- модуль қайсыбір ішкі жүйенің пайдаланушы және UI жұмысының бөлігі шеңберінде шақырылатыны және сұраныстың нәтижесі оған дереу берілетіні;

- модуль дереу модульден деректерді қажет ететін процесті тексеру бөлігі шеңберінде шақырылады (мысалы, кіші жүйе объектілеріне қол жеткізу құқықтарын тексеру кезінде);

- өте маңызды деректерді алмасуды қамтамасыз ететін ағымдарда орынды болады.

Әрбір модуль бір немесе бірнеше оқшауланған процестер ретінде жұмыс істейтін қосымшалар жиынтығы ретінде жүзеге асырылуы тиіс.

Әрбір кіші жүйе кем дегенде іске асырудың 2 деңгейіне бөлінуі керек:

1. Кіші жүйе модулінің қабаты – жүйені басқару үшін әдістердің толық жиынтығын қамтамасыз етеді. Жүйенің және GUI жүйенің әкімшілігі пайдаланады.

2. Интеграциялық қабат – кіші жүйенің басқа кіші жүйелермен өзара әрекеттесуі үшін әдістер жиынтығын қамтамасыз етеді. Бұл қабат кіші жүйенің ішкі логикасын сыртқы пайдаланушылардан капсулдарға бөледі, сондай-ақ кіші жүйедегі деректерді агрегациялауды және оркестрациялауды қамтамасыз ете алады.

**Асинхронды өзара іс-қимыл**

Кіші жүйелер арасында хабарламалар алмасу хабарламалардың кезектері арқылы жүзеге асырылады. Әрбір хабарға хабарлама сәйкестендіргіші берілуі керек. Хабарламаға жауап болса, жауапта бастапқы хабарламаның сәйкестендіргіші болуы керек.

Бұл өзара іс-қимыл:

- жүйе компоненттері арасындағы деректер алмасудың жоғары ақауларға төзімділігін;

- жүйе компоненттерінің масштабтылығын қамтамасыз етеді .

Жүйе компоненттері арасында асинхронды түрде хабарлама алмасу келесі жағдайларда орынды болады:

- модульдер бизнес үшін маңызды ақпаратпен алмасады, оның жоғалуы Тапсырыс берушінің бизнес-процестері тұрғысынан қабылданбайды;

- деректердің ауқымды көлемімен алмасу (пайдаланушының сұраныстарын өңдеу жылдамдығын қамтамасыз ету үшін).

Хабарламалар форматы: XML, JSON.

**Хабарламаларды аутентификациялау**

Кіші жүйеге қол жеткізу құқықтарын орнатудың икемділігін қамтамасыз ету үшін пайдаланушы құқықтарын авторизациялау кіші жүйенің интеграциялық қызметі жағында жүзеге асырылуы керек.

**Сыртқы жүйелермен өзара іс-қимыл**

Сыртқы жүйелермен өзара іс-қимыл үшін сыртқы қызметтерді қосуға арналған бағдарламалық қосымшалар интерфейстерін пайдалану керек.

#### **4.1.1.1 Жүйенің жұмыс істеу режиміне қойылатын талаптар**

Жүйе мынадай режимдерде жұмыс істеуді қамтамасыз етуге тиіс:

Штаттық режим – жұмыс істеудің негізгі режимі, онда 4.2-бөлімде көзделген функциялардың орындалуы қамтамасыз етіледі. Негізгі режимде Жүйе Жүйеге қызмет көрсету/жаңарту бойынша жоспарлы іс-шаралар жағдайларын (сервистік режим) қоспағанда, бүкіл күнтізбелік жыл бойына тәулігіне 24 сағат үздіксіз жұмыс істеуге тиіс.

Сервистік режим – сүйемелдеу үшін пайдаланылатын, соның ішінде жұмыстың конфигурациясын, параметрлерін, баптағыштарды сүйемелдеу Жүйенің бағдарламалық-техникалық құралдарына регламенттелген қызмет көрсетуді орындау үшін пайдаланылатын режим. Осы режимде Жүйе функцияларына қол жеткізілмеуі мүмкін.

Авариялық режим – Жүйенің жекелеген немесе барлық функцияларының жұмыс істеуі бұзылатын режим.

Жоғарыда аталған режимдердің әрқайсысында Жүйенің жұмыс жағдайларының сипаттамасы Әкімші нұсқаулығында берілуі керек.

#### **4.1.1.2 Жүйені диагностикалауға қойылатын талаптар**

Жүйе авариялық жағдайлар немесе бағдарламалық қамтамасыз етуде қателер туындаған жағдайда логтар түріндегі мәселені сәйкестендіру үшін қажетті ақпарат жинағын сақтап қалуға мүмкіндік беруге тиіс Жүйенің негізгі процестерін диагностикалау құралдарын беруге тиіс.

#### **4.1.1.3 Жүйені дамытудың, жаңалаудың перспективалары**

Жобаны іске асыру ЖҰК платформасында жоба аясында әзірленген қызметтерді ғана емес, сонымен қатар мүше мемлекеттерде техникалық реттеу және халықаралық сауда саласында белсенді түрде құрылатын ұлттық және басқа да (тараптардың) сервистерді біріктіру үшін кең мүмкіндіктер туғызады.

Жүйенің архитектурасы АЖ тараптарымен интеграциялау мүмкіндігін, қызметтерді құрам бойынша да, қызметтерге жүктеме бойынша да масштабтауды және тараптар сервистерін қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

Жоба іске асырылғаннан кейін жүйе қажетті ақпаратты алуда мүдделі тұлғалардың мүмкіндіктерін кеңейте отырып, API арқылы техникалық реттеу және стандарттау саласындағы ұлттық қызметтерді қосуға мүмкіндік беруі керек. Ақпараттық технологиялар саласындағы әзірлемелерді қайталаудың болмауы қаражаттың жұмсалуын оңтайландырады.

Жобаны іске асыру техникалық реттеу, стандарттау және сәйкестікті бағалау, ақпараттандыру және т.б. салада деректер мен түрлі қызмет көрсетушілерді біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл ретте қолданылып жүрген элементтер (мысалы, рұқсат беру

құжаттамасы (сәйкестік сертификаттары мен сәйкестік туралы декларация) бұдан әрі жобаға сыртқы дербес көздер ретінде қосылатын болады.

#### **4.1.2 Жүйе архитектурасына қойылатын талаптар**

##### **4.1.2.1 Жалпы архитектураға қойылатын талаптар**

Жүйе масштабталуға тиіс және оны бизнес-процестерде болатын өзгерістерге бейімдейтін құралдары болуға тиіс.

Орындаушы Жүйені жобалауды және әзірлеуді сенімділікті, компоненттерінің нашар байланысын, көлденең масштабтауды және оны келесі дамыту кезінде Жүйені икемді түрде пысықтау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін микросервистік архитектураны құру қағидаттарына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

Мұның барысында, әрбір кіші жүйе жеке немесе бірнеше микросервис ретінде жүзеге асырылуы керек. Микросервистерді енгізу, оларды масштабтау және Жүйедегі өзгерістерді басқару үшін инфрақұрылымды орналастыруды басқару және микросервистерді масштабтау құралдарын қамтамасыз ету үшін құралдарды көздеу қажет.

Жүйе архитектурасы:

заманауи кластерлеу және виртуализация технологияларын қолдану арқылы ақауларға төзімділік, Жүйенің жұмысын тоқтатпай компоненттерді ауыстыру;

мыналардың:

- - жүйенің жұмыс істеуін оқшауланған, микросервистермен нашар байланыстырылған түрде іске асыру;

- - мониторинг құралдарын қолдану және тоқтап қалулар мен іркілістерді болжамдау құралдарын қолдану;

- - жүктеме өзгерген кезде микросервистерді серпінді масштабтау есебінен сенімділік, жұмысқа қабілеттілік және жоғары қолжетімділікті;

Жүйенің жұмысын тоқтатпастан оның компоненттерін ауыстыруды;

жүйенің жұмысын тоқтатпастан Жүйенің баптағыштарын өзгерту және қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етуді;

жүйенің жұмыс істеуін қосымша кіші жүйелерді енгізу арқылы кеңейту мүмкіндігін ;

жекелеген кіші жүйелерді түрлі командалардың қатар әзірлеуі және Жүйенің жұмысын тоқтатпастан кіші жүйені тәуелсіз іске қосу мүмкіндігін;

жүйенің әрбір кіші жүйесі басқа микросервистерге қарамастан қатар масштабтауды қолдауға тиіс және docker-контейнерлерде күшейтуге толығынан дайын болуға тиіс болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Архитектураға сипатталған талаптар Тапсырыс берушінің инфрақұрылымын ескере отырып, тиісті техникалық мүмкіндік болған жағдайда іске асырылады. Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жобалау кезеңінде балама іске асыру механизмі нақтыланады.

#### **4.1.2.2 Техникалық құрылымға қойылатын талаптар**

Жүйенің технологиялық құрылымы Жүйенің тиімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс.

Интеграциялық сервистер:

WSDL не Swagger сипаттамалар түрінде құжатталуға.

кемінде бір мажорлық нұсқа шамасында кері сыйымдылықты қамтамасыз етуге тиіс

#### **4.1.2.3 Әзірлеу платформасына қойылатын талаптар**

Жүйенің бизнес логикасын іске асыру үшін платформаны таңдау кезінде келесі талаптарды ескеру қажет:

- орындау арасында іске асырудың ашық коды;
- негізгі конфигурацияны мониторингілеудің және басқарудың инфрақұрылымдық құралдарының болуы;
- кросс-платформалық (Windows және Linux орталарын қолдау);
- платформалық бағдарламалау тілдерінде жүзеге асырылатын және мыналарға арналған сыртқы кітапханалардың болуы:

- - интеграциялық сценарийлерді іске асыру;
- - бизнес-процестердің жай-күйін сақтай отырып іске асыру;
- - дерекқорлармен жұмыс (PCУБД сияқты, HСУБД мен де);
- - хабарламалар брокерлерімен жұмыс;
- - JSON және XML құрылымдық деректермен жұмыс;
- - Авторизация мен аудентификацияны қамтамасыз ету;
- - SOAP және REST өзара іс-қимылын іске асыру.

кодты автоматтандыру құралдарының бірімен жинау бөлігінде ұстап тұру:

- - Maven;
- - Gradle;
- - SBT;
- - Ашық бастапқы коды бар және тәуелділікті басқаруды қолдайтын кез келген басқасымен.

кез келген ашық бастапқы коды бар өнеркәсіпте пайдаланылатын құрал арқылы статикалық талдау тұрғысынан қолдау;

ашық бастапқы коды бар кез келген өнеркәсіпте пайдаланылатын өңдеу ортасын қолдау.

Жүйенің пайдаланушы интерфейсінің логикасын іске асыруға арналған платформасы орындау ортасында іске асыру үшін ашық кодты қамтамасыз етуі керек.

#### **4.1.2.4 Күшейту ортасына қойылатын талаптар**

Жүйе модульдерінің микросервистерін күшейту ортасы платформаға немесе сыртқы өнімге ендірілген функционалды пайдалану есебінен контейнерлік басқаруды (CLI немесе осыған ұқсас іске асыру) қолдауы керек.



Орналастыру ортасы тиісті API қолдауы есебінен контейнерлік қауіпсіздік басқару элементтерін ендіру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

Микросервистерді күшейту ортасы мына құралдарды беруге тиіс:


- микросервистер арасындағы тәуелділікті басқару.
- жаңартуларды бірте-бірте жеткізу схемаларын басқару.
- бір уақытта жұмыс істеп тұрған микросервис даналарының санын басқару.
  - кіріктірілген функционалдылық немесе плагиндер арқылы микросервистердің желілік қол жетімділігін басқару.

Сипатталған талаптар Тапсырыс берушінің инфрақұрылымын ескере отырып, тиісті техникалық мүмкіндік болған жағдайда орындалады. Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жобалау кезеңінде іске асырудың балама механизмі нақтылап көрсетіледі.

#### 4.1.2.5 Құрастыру конвейеріне қойылатын талаптар

Құрастыру конвейерін құру және оны ұйымдастыру технологияларын таңдау кезінде мынадай базалық талаптар қойылады:

- орындаулар арасында іске асырудың ашық коды;
- құрастырылған артефактілерді Жүйені күшейту ортасына жеткізуді қолдау;
  - CI/CD конвейерінің жаңартуларды бірте-бірте жеткізу схемаларын басқару механизмдерімен өзара іс-қимылын қолдау.



## 1-сурет - GitFlow тармақтану моделі

Жоба шеңберіндегі барлық өзгерістер Develop тармағында жүргізілуіне керек. Өзірлеуші Develop тармағына commit жасағаннан кейін сценарий автоматты түрде іске қосылуы керек, онда бастапқы кодтан docker-контейнер түрінде артефакт жинайды және оның нұсқаларын байытады. Әрі қарай, артефакт артефакті сақтау жүйесіне жүктелуі керек. Алдыңғы қадам сәтті болып аяқталса, күшейту қадамы орындалуы керек: API пәрмені орналастырылатын қызметтің жаңа нұсқасы бар аргументтерді қамтитын контейнерді басқару жүйесіне жіберіледі. Күшейту процесі байыппен өтуі керек, яғни Жүйенің ағымдағы бизнес функционалдығының жұмысы үзілмеуі керек.

Құрастыру конвейері шеңберінде 1-кестеде келтірілген тармақтарды енгізу моделін іске асыру арқылы ПО бастапқы кодымен басқару қамтамасыз етілуіне тиіс.

### 1-кесте - Тармақтарды жүргізу моделі

№ п/п	Тармақтардың атауы	Ескерту
1	Master	Репозиторидің негізгі тармағы. Бұл тармақта DevOps кодын және скриптарды тікелей өзгертуге тыйым салынады. Бұл тармаққа өзгерістер енгізу Merge-Request (енгізуге рұқсат) арқылы жүзеге асырылуы керек.
2	Develop	Өзірлеудің негізгі тармағы. Develop тармағы тікелей өзгерістер енгізу үшін жабық болуға тиіс. Бұл тармаққа өзгерістер енгізу Merge-Request арқылы жүзеге асырылуы керек.
3	Feature	Жаңа функционалдыққа арналған тармақ. Develop тармағынан құралуға тиіс.
4	HotFix	Егер Master тармағында проблема болып қалған кезде жедел түзетулер тармағы. Hotfix тармағы тікелей өзгерістер үшін жабық болуға тиіс
5	Release	Develop тармағынан жасалатын релиз тармағы. Release тікелей өзгерістер үшін жабық болуға тиіс. Бұл тармаққа өзгерістер енгізу Merge-Request арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Сипатталған талаптар Тапсырыс берушінің инфрақұрылымын ескере отырып, тиісті техникалық мүмкіндік болған жағдайда орындалады. Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жобалау кезеңінде іске асырудың балама механизмі нақтылап көрсетіледі.

#### 4.1.2.6 Орындау ортасын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

Жүйені әзірлеу шеңберінде объектілік (S3-үйлесімді), сондай-ақ блоктық сақтау қоймасын беру міндетін шешу жүзеге асырылуға тиіс. Сақтау қоймасын іске асыру технологиясы, оның бағдарламалық қамтамасыз етуді басқару деңгейі және көлемі мен жылдамдығына қойылатын талаптар Тапсырыс берушіге қолжетімді технологиялық шешімдерді ескере отырып, Жүйені техникалық жобалау сатысында нақтылануға тиіс.

#### **4.1.3 Жүйені оқшаулауға қойылатын талаптар**

Жүйенің пайдаланушы интерфейстері - экрандық пішіндер және олардың элементтері, кеңестер, қате туралы хабарламалар орыс тілінде жүзеге асырылуы керек.

Пайдаланушы интерфейсінің функционалдығы бойынша ұсыныстарды әзірлеу шеңберінде Орындаушы Жүйенің жеке интерфейстерінің көп тілділігіне (ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің мемлекеттік тілдерінде) қойылатын талаптар айқындалатын критерийлерді қалыптастыруға тиіс.

ЖҰК-тің функционалдық толықтыру мен инфрақұрылымына қойылатын талаптарды қалыптастыру және қызметтерге қойылатын талаптарды әзірлеу шеңберінде Орындаушы көптілді (ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің мемлекеттік тілдерінде) форматында іске асырылатын интерфейстердің тізбесін айқындауға тиіс.

Орыстандыруға жатпайтын жүйелік хабарламалар ғана ерекшелік болуы мүмкін.

#### **4.1.4 Жүйе персоналының саны мен біліктілігіне және олардың жұмыс режиміне қойылатын талаптар**

Жүйеге қызмет көрсететін персоналдың саны мен біліктілігі келесі талаптарды ескере отырып анықталуы тиіс.

Жүйенің құрылымы мен конфигурациясы техникалық қызмет көрсететін персонал санын барынша азайтуды қамтамасыз ететіндей жүзеге асырылуы керек.

Жүйені пайдаланушылар кем дегенде мыналарды қамтамасыз ететін біліктілікке ие болуы керек:

- заманауи операциялық жүйелер бар (пернетақта, тінтуір, терезе мен қолданбаларды басқару, файлдық жүйе) дербес компьютерде жұмыс істеудің негізгі дағдылары;

- интернет-браузерді пайдаланудың негізгі дағдылары (типтік конфигурацияларды орнату, қосылымдарды орнату, web -сайттарға кіру, навигация, пішіндер және web-интерфейстің басқа да типтік интерактивті элементтері);

- ақпараттық қауіпсіздік негіздерін білу

Техникалық қызмет көрсетуші персоналдың біліктілік деңгейі жүйенің бағдарламалық-аппараттық құралдарын орындаушылардың (өндірушілердің) талаптарына, сондай-ақ пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес болуы керек.

Персоналдың жұмыс режимі жұмыс құжаттамасында анықталуы керек.

#### **4.1.5 Жүйеге түсетін жүктемеге қойылатын талаптар**

Жүйе масштабтауды төмендегі кестеде көрсетілген мақсатты мәндерге дейін қамтамасыз етуге тиіс.

## 2-кесте. Жүйенің жүктемелік көрсеткіштері

Көрсеткіш	Мәні
Жүйеге бір мезгілде кіру саны, секундына берілетін сұраулар	20 000
Жүйеде бір мезгілде жұмыс істейтін пайдаланушылардың саны, бірлік.	2 000
Жүйеде тіркелген ерекше пайдаланушылардың саны, бірлік	500 000
Сақталатын құжаттардың барынша көп көлемі, Тб	100

Жүктеме көрсеткіштерін Жүйені жобалау кезінде Орындаушы анықтайды және ол техникалық жобаға түсіндірме жазбада көрсетіледі.

Жүйе өнімділік көрсеткіштерін төмендегі кестеде көрсетілгеннен төмен емес шамада қамтамасыз етуі тиіс.

## 3-кесте. Жүйе өнімділігінің көрсеткіштері

Көрсеткіш	Мәні
Жүйеге бірінші рет кірген кездегі жүктеме	30 сек.дейін
Тапсырмалар арасындағы ауысу	20 сек. дейін
Жүйенің жаңа объектісін құру	15 сек. дейін
Жүйе объектісін процес бойынша жіберу	30 сек. дейін
Жүйенің веб-интерфейсін жүктеу	20 сек. дейін

Жүйенің әрбір компонентінің өнімділік көрсеткіштерін, сондай-ақ Жүйе компоненттерінің әрқайсысының нақты жүктеме көрсеткіштерін Орындаушы Жүйені жобалау кезінде анықтауға және техникалық жобаға Түсіндірме жазбасында көрсетуге тиіс.

### 4.1.6 Қол жетімділігі мен мықтылығына қойылатын талаптар

Ақаулықтан кейін жүйені қалпына келтіру уақыты 4 сағаттан аспауы керек.

Жүйе деректерінің толық резервтік көшірмесін жасау - кемінде 7 күнде бір рет болуы.

Жүйе деректерінің ішінара (жинақтаушы) резервтік көшірмесін жасау – кемінде 24 сағат сайын бір рет болуы керек.

Резервтік көшірмеден қалпына келтіру кезінде деректердің ең көп жоғалуы сәтсіздікке дейінгі соңғы 24 сағаттан аспайды.

Жүйені қалпына келтіру жүйені резервтік көшірмеден қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылуы керек.

Клиенттік жұмыс орындарын қалпына келтіру жалпы және арнайы бағдарламалық құралдарды қайта орнату арқылы жүзеге асырылуы керек.

Сенімділікке қойылатын талаптар реттелетін авариялық жағдайлардың тізбесі:

Авариялық жағдайлар келесі топтарға бөлінеді:

- Жүйенің техникалық құралдарының жұмыс істемей қалуы;
- бағдарламалық қамтылымның тұрып қалуы;

- жұмыс орындары мен Жүйенің серверлік бөлігі арасындағы желінің болмай қалуы

Жалпы алғанда, Жүйе жұмысының сенімділігі мыналармен қамтамасыз етілуі керек

- ақауларға төзімділігі жоғары техникалық құралдарды (ТҚ) пайдалану;
- үзіліссіз қоректендіру көздері (ҮҚК) арқылы электрмен жабдықтаудағы қысқа мерзімді үзілістерден қорғау;
- үйлесімділік және жұмыс режимдері үшін қолданылатын бағдарламалық және техникалық құралдарды өндірушілердің талаптарын сақтау.

Жүйенің серверлік аппараттық құралдарының сенімділігі серверлік аппараттық платформаның негізгі элементтерін: жедел жады, қатты дискілер, қуат көздері, енгізу-шығару платалары, желдеткіштерді қайталау арқылы қамтамасыз етілуі керек.

Жүйені қалпына келтіру уақыты электрмен жабдықтаудағы үзілістерге, деректерді беру желілері мен байланыс арналарындағы ақпаратты берудің кешігуіне, техникалық құралдардың (ең алдымен серверлік жабдықтың) істен шығуына, сондай-ақ табиғи құбылыстарға байланысты ақауларды есепке алмай анықталады.

